



**БҰЙРЫҚ**  
2024 жыл 15 наурыз  
Петропавл қаласы

**ПРИКАЗ**  
№120-1-НҚ  
г. Петропавловск

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларының 2,4,6-тармақтарына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 12 ай және 2024 жылдың 1 тоқсанына «Облыстық фтизиопульмонология көрме орталығы» ШЖҚ КМК келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізсін:

- персоналды басқару;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік қызмет көрсету;
- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобын (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрсын.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2024 жылғы 15 наурыздан 2024 жылғы 15 сәуірге дейін.

4. Жұмыс тобы 2024 жылғы 19 сәуірге дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау материалдарын ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ОФПО заң кеңесшісі П.В. Перепелкинге жүктелсін.

Директор



Қ.Б. Бижанов

2024 жылғы «15» наурыздан №120/1-НҚ  
бұйрыққа Қосымша

**«Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін  
жұмыс тобының құрамы**

Перепелкин Павел Владимирович	Заңкеңесші, комплаенс-қызметінің басшысы
Әріпова Кенжегүл Әріпқызы	ОФПО КДБ меңгерушісі
Шахтарина Наталья Владимировна	Пациенттерге қолдау көрсету қызметі бөлімінің меңгерушісі
Досаева Ғалия Сұлтанғалиқызы	ОФПО ҰӘБ меңгерушісі
Суходубова Наталья Шайдуллиновна	ОФПО фтизиатр дәрігері
Мұқыжанова Аягөз Ермекқызы	Кадр бойынша инспектор
Мұқанов Думан Ерсайынұлы	Шаруашылық бөлімнің бастығы